

**Whoosh микромобильділік платформасын пайдалану құқығын ұсыну туралы шартты жасасу туралы (Сервисті пайдалану шарттары)**

**ЖАРИЯ ОФЕРТА**

Шартты жасасу орны: Алматы қ., Қазақстан (2022 жылғы «05» мамырдағы редакция)

Осы құжат бұдан әрі «**Құқық иеленуші**» деп аталатын, «**ВУШ КЗ** жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (сондай-ақ «Whoosh») атынан Жарғы негізінде әрекет ететін, Бас директоры Чуйко Дмитрий Владимировичтің бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталатын әрекетті жеке тұлғаға (КР азаматына, шетел азаматын, азаматтығы жоқ тұлғаға) арналған, Құқық иеленуші мен Пайдаланушыны бірге атау кезінде «Тараптар», ал жекелеп алғанда «Тарап» деп аталады, осы Оферта талаптарында баяндалған Whoosh микромобильділік платформасын пайдалану құқығын беру туралы шартты (бұдан әрі сондай-ақ – «Шарт») жасасу туралы оферта (бұдан әрі сондай-ақ - «Оферта» немесе «Жария оферта») болып табылады.

**1. Шартта қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар**

- Акцепт** – Пайдаланушының құқықтық салдары Тараптар арасында осындай Шарт жасасу болып табылатын, осы құжатта баяндалған талаптармен Құқық иеленушімен Шарт жасасу туралы ұсынысты (офертаны) толық және сөзсіз қабылдауы. Акцептті Пайдаланушы осы Офертада көрсетілген тәсілдермен білдіреді.
- Жалдау (немесе Жалға беру)** – Құқық иеленуші Шартқа сәйкес Пайдаланушыға Жалдау/Жалға беру басталған сәттен бастап Жалдау/Жалға беру аяқталған сәтке дейін Шартта айқындалған қағидалар бойынша оның нысаналы мақсатына сәйкес ЖМҚ-ны иелену және пайдалану құқығын береді. Шарт мақсаттары үшін «Жалға беру» және «Жалдау» тең мағыналы болып пайдаланылады.
- Акцептсіз есептен шығару** - Пайдаланушы Шарт талаптарын орындау үшін көрсеткен банк картасынан ақшалай қаражатты есептен шығару. Ақшалай қаражатты есептен шығару Пайдаланушы тарапынан қосымша келісім алмай, қолданыстағы заңнамада және осы Шартта көзделген қағидалар бойынша және тәртібімен жүргізіледі.
- Броньдау** – Пайдаланушы таңдаған ЖМҚ-ны броньдау кезеңінде осы Пайдаланушыға бекітілуін қамтамасыз ететін МобиЛЬДІК қосымшаның функциясы.
- <1> Топтық сапар - бір Пайдаланушыға бірден бірнеше ЖМҚ-ны жалға алуға мүмкіндік беретін МобиЛЬДІ қосымшаның функциясы.
- <1> Географиялық аймақ -Пайдаланушы сатып алған Жазылым әрекет ететін шегінде Whoosh сервисі жұмысының жеке қаласын (жеке әкімшілік-аумақтық бірлікті) қамтитын аймақ. Әрбір Географиялық аймақтың шекаралары тиісті қаланың (әкімшілік-аумақтық бірліктің) шекараларымен айқындалады.
- <1> Шарт - Пайдаланушы Офертаны акцептеу жолымен осы Офертада баяндалған шарттарда жасалған Құқық иеленуші мен Пайдаланушы арасындағы шарт. Өзінің құқықтық табиғаты бойынша Шарт аралас болып табылады және сублицензиялық шарттың (МобиЛЬДІ қосымшаны пайдалану құқығын беру туралы шарт), сондай-ақ ЖМҚ қысқа мерзімді жалдау шартының элементтерін қамтиды.
- Жылдамдық режимін шектеу аймағы-ішінде** ЖМҚ-ның ең жоғарғы жылдамдығы Құқық иеленушінің бағдарламалық-аппараттық құралдары арқылы МобиЛЬДІ қосымшада көрсетілген мәнге дейін функционалды түрде шектелетін МобиЛЬДІ қосымшада белгіленген аумақ. Көрсетілген аймаққа кіре отырып, ЖМҚ оның шекарасынан өткен кезде жылдамдық режимін баяу жылдамдыққа (жылдамдық шектеулеріне сәйкес) автоматты түрде ауыстырады, ал аймақтан шыққан кезде шекарадан өткен кейін қалыпты жылдамдық режиміне оралады.
- Сапарлар аймағы** - Пайдаланушы шарт шенберінде ЖМҚ пайдалана алатын МобиЛЬДІ қосымшадағы картада белгіленген аумақ. Пайдаланушының ЖМҚ-ны сапар аймағынан тыс жерде пайдалануы көзделмеген және Шартты бұзу болып табылады.

10. <1> Клиенттерге қолдау көрсету (сонымен қатар "Пайдаланушыларға қолдау көрсету қызметі") — Құқық иеленушіні қолдау қызметі, Пайдаланушыға телефон байланысы немесе мобиЛЬДІК қосымшадағы чат арқылы жүтінген жағдайда ақпараттық көмек көрсетеді.
11. **Сублицензия** - осы Офертада баяндалған талаптарында Құқық иеленуші Шартқа сәйкес Пайдаланушыға беретін МобиЛЬДІ қосымшаны айрықша емес пайдалану құқығы.
12. **Whoosh мобиЛЬДІ қосымшасы < 2>** (сондай-ақ "МобиЛЬДІ қосымша" деп аталады) - Пайдаланушыларға ЖМҚ іздеу, ЖМҚ-да сапардың басталуы мен аяқталуын қоса алғанда, Whoosh микромобиЛЬДІК платформасының пайдаланушылық функционалдын пайдалануға мүмкіндік беретін Android және iOS мобиЛЬДІ қосымшалары, сондай-ақ МобиЛЬДІ қосымшада көзделген басқа да функциялар. Аталған термин МобиЛЬДІ қосымшаның ағымдағы нұсқасын және оның барлық кейінгі жаңартулары мен жаңа нұсқаларын да қамтиды.
- \*"Whoosh пайдалануыш қосымшасы" ЭЕМ-ге арналған бағдарлама, ЭЕМ-ге арналған бағдарламаны мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік № 2021616094, мемлекеттік тіркелген күні - 16.04.2021
13. **Тұрақ** - МобиЛЬДІ қосымшаның функционалды Пайдаланушыға ЖМҚ-ны Жалға алуды аяқтауға мүмкіндік беретін МобиЛЬДІ қосымшаның картасында белгіленген орын (аймақ). Бұл ЖМҚ-ны құлыппен бекітуге арналған конструкциямен жабдықталмаған аймақ ("Виртуалды тұрақ") немесе тиісті конструкциясы орнатылған аймақ (атап айтқанда, велотұрақ) болуы мүмкін. ЖМҚ-ны оған арналмаған элементтерді (мысалы, бағаналар, қоршаулар, таяныштар) бекіту үшін пайдалануға рұқсат етілмейді. ЖМҚ-ны Тұраққа орналастырған кезде Пайдалануыш осы Офертаның 4.4.15.1-тармағында көрсетілген дұрыс тұрақ қағидаларын сақтауға (оның ішінде ЖМҚ-ны МобиЛЬДІ қосымшадағы картада "Р" белгісімен белгіленген тұрақ нұктесінде орналастыруға) міндetti.
14. **ЖЖҚ<2 > < 3>** - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 13.11.2014 №1196 қаулысымен бекітілген (барлық кейінгі өзгерістермен және толықтырулармен) Жолда жүру қағидалары. Осы Офертадағы ЖЖҚ-қа сілтеме ЖЖҚ-ның ағымдағы сәттегі қолданыстағы редакциясына сілтемені білдіреді (немесе қолданыстағы заңнамаға сәйкес ЖЖҚ-ның өзге редакциясы қолданылуы тиіс жағдайда – ЖЖҚ-ның тиісті қолданылуы тиісті редакциясына сілтеме).
15. <1> Дербес деректер - Пайдаланушыға (дербес деректер субъектісіне) қатысты кез келген ақпарат, оның ішінде оның тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, айы, күні және туған жері, мекенжайы, паспорттық деректері, сондай-ақ дербес деректер субъектісінің жеке басын қуәланыратын өзге де құжаттың деректері, байланыс телефондары, e-mail және қолданыстағы заңнамаға сәйкес дербес деректер деп танылатын және Шартты жасасу, орындау және/немесе тоқтату кезінде Құқық иеленушігे белгілі болуы мүмкін басқа да мәліметтер.
16. **Whoosh микромобиЛЬДІК платформасы**-бірқатар өзара байланысты обьектілерді (бағдарламалық және техникалық өзірлемелерді), оның ішінде Whoosh мобиЛЬДІ қосымшасын, сондай-ақ ЖМҚ-ны қамтитын бірыңғай бағдарламалық-аппараттық кешен.
17. **Жазылым (сонымен қатар "Whoosh Pass" немесе "Whoosh pass жазылымы")** – Пайдалануышының қалауы бойынша активтендірілетін және активтендіру кезінде Жазылым сипаттамасында көрсетілген шарттарға сәйкес МобиЛЬДІ қосымшаны пайдалану құқығы үшін төлем шарттары мен сублицензиялық сыйақы мөлшері Жазылым сипаттамасында көрсетілген шарттарға сәйкес өзгеретін МобиЛЬДІ қосымшаның функционалды мүмкіндігі, сондай-ақ МобиЛЬДІ қосымшада қол жетімді, Жазылымдар сипаттамасында көрсетілген МобиЛЬДІ қосымшаны пайдаланудың басқа шарттары.
18. **Пайдалануыш** 18 жасқа толған және біреудің қамқорлығында немесе қамқоршылығында емес, осы Офертаны қабылдайтын (акцептейтін) және осы Офертаны акцептеу нәтижесінде Шарттың Тарабы болып табылатын әрекетке қабілетті жеке тұлға (ҚР азаматы, шетелдік азамат, азаматтығы жоқ тұлға).
19. **Сынақ кезеңі** - Құқық иеленуші Пайдаланушыға осындай Жазылым үшін төлемді есепten шығарусыз Жазылымды пайдалану мүмкіндігін беретін уақыт кезеңі. Сынақ мерзімінің

**ұзақтығы туралы ақпарат МобиЛЬДІ қосымшада қолжетімді Жазылым сипаттамасында көрсетіледі.**

20. **Құқық иеленушінің сайты** - Интернет желісінде мына мекенжай бойынша орналасқан веб-сайт: <https://whoosh-bike.ru/kz>
21. <1> Сақтандыру — Пайдаланушының қалауы бойынша МобиЛЬДІ қосымша арқылы көрсетілуі мүмкін қосымша қызмет, оның шеңберінде Құқық иеленуші Пайдаланушыға ЖМҚ-ны жалға алу уақытында Құқық иеленушінің серіктес - сақтандыру компаниясынан сақтандыруды сатып алу мүмкіндігін ұсынады.
22. **Жеке мобиЛЬДІЛІК құралы (сондай-ақ "ЖМҚ")** - Электросамокат (1.24-т.) және/немесе Электровелосипед ұғымдарын қамтитын термин (осы Офертаның 1.25 т.).
23. **Тарифтер** - Пайдаланушыға МобиЛЬДІ қосымшаны пайдалану құқығын бергені үшін сублицензиялық сыйақыны, сондай-ақ ЖМҚ жалдау ақысын құрайтын Шарт бойынша Құқық иеленушінің сыйақы мөлшерін белгілейтін талаптар. Тарифтер МобиЛЬДІ қосымшасында қолжетімді
24. <1> Электросамокат -IoT-бақылағышымен жабдықталған (Құқық иеленушінің меншік өзірлемесі болып табылады), Шартқа сәйкес Whoosh микромобиЛЬДІ платформасының құрамдас белгілі ретінде Пайдаланушыға уақытша иеленуге және пайдалануға берілетін Whoosh шерингтік электросамокаты.
25. **Электровелосипед-IoT-бақылағышымен жабдықталған** (Құқық иеленушінің меншік өзірлемесі болып табылады), Whoosh микромобиЛЬДІ платформасының құрамдас белгілі ретінде Шартқа сәйкес Пайдаланушыға уақытша иеленуге және пайдалануға берілетін Whoosh шерингтік электровелосипеді.

## 2. Шарттың мәні

### 2.1. Сублицензия

2.1.1. Шарт бойынша Құқық иеленуші Пайдаланушыға осы Шарттың қолданылу мерзіміне Whoosh мобиЛЬДІ қосымшасын (осы Шарттың 1.12-тармағында белгіленгендей) Шартта белгіленген шектерде пайдалану құқығын береді, ал Пайдаланушы Құқық иеленушіге Шарт талаптарына сәйкес берілген құқық үшін сыйақы төлеуге міндеттенеді.

2.1.2. Пайдаланушы МобиЛЬДІ қосымшаны МобиЛЬДІ қосымшаға айрықша құқық қолданылатын аумақтағы Whoosh микромобиЛЬДІ платформасы шеңберіндегі тағайындалуына және функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес қана пайдалана алады. Бұл ретте МобиЛЬДІ қосымшасың функционалдығы оның нақты қолданылу аумағына байланысты өзгеруі мүмкін.

2.1.3. Пайдаланушы Шартқа сәйкес МобиЛЬДІ қосымшаны пайдалану, оның ішінде басқа тұлғаларға лицензия беру құқығын Құқық иеленушіде сақтай отырып, айрықша емес сублицензия шарттарында **осы Офертада көрсетілген аумақта және тәсілдермен мобиЛЬДІ қосымшаны пайдалану құқығына ие болады.**

2.1.4. МобиЛЬДІ қосымшаға айрықша құқық "ВУШ" ЖШҚ-ға тиесілі (НМТН 1187746542180; СТН 9717068640; занұды мекенжайы: 123242, Мәскеу қ., Заморенов к-сі, 12 үй, 1 құр.). Өз кезегінде, Құқық иеленуші "ВУШ" ЖШҚ-мен лицензиялық келісім негізінде осы Офертаның 2.1.2-тармағында көрсетілген МобиЛЬДІ қосымшаға қатысты құқықтарды беру үшін жеткілікті айрықша емес құқықтарға ие.

2.1.5. Пайдаланушы МобиЛЬДІ қосымшаны пайдалану құқығын басқа жолмен үшінші тұлғаларға беруге құқылды емес.

2.1.6. Шартқа сәйкес МобиЛЬДІ қосымшаны пайдалану мақсатында Пайдаланушы МобиЛЬДІ қосымшаны мобиЛЬДІ құрылғылардың шектеусіз санына орнатуға құқылды.

2.1.7. Пайдаланушы МобиЛЬДІ қосымшаны декомпиляциялауға және МобиЛЬДІ қосымшасын қабылапқы кодына өзгерістер енгізуге, сондай-ақ МобиЛЬДІ қосымшаны жаңғыртуға, көшіруге, таратуға және/немесе МобиЛЬДІ қосымшаны осы Шартта көзделмеген кез келген өзге тәсілдермен пайдалануға құқылды емес.

## **2.2. Жалға алу**

2.2.1. Шарт бойынша Құқық иеленуші ЖМҚ-ны Пайдаланушыға уақытша иеленуге және пайдалануға береді, ал Пайдаланушы ЖМҚ-ны көсіпкерлік қызметпен байланысты емес тұтынушылық мақсаттарда (жеке қажеттіліктер үшін) пайдалану үшін қабылдайды. ЖМҚ пайдаланушыға осы Офертада көзделген тәртіппен Пайдаланушының МобиЛЬДІ қосымша функционалын пайдалануы арқылы Жалға беріледі.

2.2.2. Пайдаланушы ЖМҚ-ны тек Сапар аймағы шегінде ғана пайдалануға құқылы. Аталған аумақтан тыс жерлерде ЖМҚ-ны пайдалануға рұқсат етілмейді және Құқық иеленуші тараپынан қосымша ескертусіз Whoosh микромобиЛЬДІК платформасының функционалы арқылы бұғатталады.

## **3. Шарт жасасу талаптары мен тәртібі**

3.1. Офертаның акцепті Пайдаланушымен Офертаның осы бөлімінде белгіленген тәртіппен электрондық нысанда жасалады және Пайдаланушы мен Құқық иеленуші арасында Шарт жасалуына әкеп соғады.

3.2. Шарт Пайдаланушыны Шартта белгіленген талаптарға тұтастай, қандай да бір талаптар мен ескертпелерсіз қосу арқылы жасалады. Осы Офертаның акцепті Пайдаланушының Шарттың барлық қағидаларымен танысқанын, олармен келісетінін және оларды орындауға сәзсіз келісетінін білдіреді.

3.3. Осы Офертаның акцептін Пайдаланушы келесі әрекеттер жиынтығын орындау арқылы жүзеге асырады:

3.3.1. Пайдаланушының МобиЛЬДІ қосымша функционалына сәйкес МобиЛЬДІ қосымшада Пайдаланушыны тіркеу үшін қажетті ақпаратты ұсына отырып, жолдарды толтыруы;

3.3.2. Осы Шарттың талаптарымен келісімін білдіретін тиісті жолға белгі ("қанат белгісін") қою. Бұл ретте жоғарыда көрсетілгендей тиісті белгіні қоя отырып, Пайдаланушы осы Офертаның талаптарымен толық көлемде танысқанын растайды және Шарт жасасуға өзінің келісімін растайды.

3.3.3. Тиісті түймені басу арқылы Пайдаланушыны мобиЛЬДІ қосымшада тіркеу ("тіркелу", "ок" түймелері немесе Пайдаланушының МобиЛЬДІ қосымшада тіркелуін функционалды қамтамасыз ететін кез келген өзге мәтіндік белгісі бар түймелер).

3.3.4. МобиЛЬДІ қосымшаның толық функционалын пайдалану мақсатында, соның ішінде ЖМҚ жалға алу үшін Пайдаланушы "Төлем" бөлімінде төлем әдісін таңдайды және өзінің банктік картасының деректерін көрсетеді. Банк картасы деректерінің енгізілу дұрыстығын растау мақсатында көрсетілген картада 30 (отыз) теңгеге дейінгі көлемде сома бұғатталады. Құқық иеленушінің жоғарыда көрсетілген ақшалай қаражатты сәтті бұғаттауы осы Офертаны акцептеу шарттарының бірі болып табылады. Бұл ақшалай сома сублицензиялық сыйақы және/немесе Шарт бойынша жалдау төлемақысы ретінде есептелмейді және бір тәулік ішінде бұғаттаудан шығарылады.

3.4. Құқық иеленуші Оферта акцептелеғен және Пайдаланушы ұсынған мәліметтер мен ақпаратты техникалық себептер бойынша өндөудің мүмкін еместігі себебінен Шарт жасалмаған жағдайлар үшін жауапкершілік көтермейді.

3.5. Осы Офертаны акцептеу арқылы Пайдаланушы МобиЛЬДІ қосымшада оның есептік жазбасымен жүзеге асырылатын кез келген іс-әрекетті Пайдаланушының жеке өзі жасағанын растайды. Пайдаланушының есептік жазбасын немесе мобиЛЬДІ құрылғысының рұқсатсыз пайдаланылуына байланысты барлық қауіптер Пайдаланушыға жатады.

3.6. Офертаны акцепттейтін тұлға осы Офертаның 1.17-тармағында көрсетілген критерийлерге сәйкес келуі тиіс. Егер Құқық иеленуші Офертаны акцептеуші (акцептеген) тұлғаның мұндай критерийлерге сәйкес келмейтіндігін анықтаған жағдайда, төменде көрсетілген құқықтық салдардың бірі орын алады:

- егер тиісті жайттарды анықтау кезінде тиісті тұлғамен Шарт жасалмаса, Офертаның акцептіне қол жеткізілмеген, ал Шарт жасалмаған болып саналады, Пайдаланушыға Мобильді қосымшаға қол жетімділік берілмейді;
- егер тиісті жайт анықталған кезде тиісті тұлғамен Шарт жасалған болса - Құқық иеленуші тиісті тұлғаның Мобильді қосымшаға қолжетімділігін дереу тоқтатуға (оның ішінде Пайдаланушының жеке кабинетінің аккаунтын бұғаттау арқылы) және/немесе Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы.

3.7. Пайдаланушы тіркелу кезінде көрсеткен деректердің, банк картасы деректерінің, банк картасының Пайдаланушыға тиесілілігінің дұрыстығына, сондай-ақ Мобильді қосымшада тіркелген тұлғаның осы Офертаның 1.18-тармағында көрсетілген критерийлерге сәйкестігіне Құқық иеленушінің күмәні туындаған жағдайда, Құқық иеленуші Мобильді қосымша арқылы немесе өзге тәсілмен Пайдаланушыға Пайдаланушының мобильді құрылғысы арқылы жасалған өз бейнесін (фотосуретін), банк картасының алдыңғы жағының фотосуретін (CVV/CVC жоқ) ұсыну туралы сұрау салуға құқылы.

3.8. Пайдаланушы Құқық иеленушіге Офертаның 3.7-тармағына сәйкес сұралған ақпаратты ұсынуға міндетті. Пайдаланушы Құқық иеленушінің күмәнін жою үшін жеткілікті көлемде тиісті ақпаратты ұсынғанға дейін:

- егер осы 3-бөлімге сәйкес Пайдаланушымен Шарт жасалмаса, Пайдаланушы акцепттемеген, ал Шарт жасалған болып есептелмейді. Офертаны акцепттейтін тұлғаға Мобильді қосымшаға қолжетімділік берілмейді;
- егер Пайдаланушымен Шарт жасалған болса - Құқық иеленуші Пайдаланушының Мобильді қосымшаға қолжетімділігін тоқтата тұруға құқылы (оның ішінде Пайдаланушының аккаунтын бұғаттау арқылы). Пайдаланушы барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін Пайдаланушының Мобильді қосымшаға қолжетімділігі Құқық иеленушімен қалпына келтіріледі.

#### **4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

##### **4.1. Құқық иеленуші мынаған міндетті:**

4.1.1. Шартта (атап айтқанда, осы Офертаның 3.8-тармағында) көзделген жағдайларды қоспағанда, Пайдаланушыға Мобильді қосымшаға қолжетімділікті және оны Шарт талаптарына сәйкес пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4.1.2. Пайдаланушыға Мобильді қосымша арқылы ЖМК, оның негізгі техникалық сипаттамалары, сублицензиялық сыйақы мен жалдау төлемдерінің көлемі және Шарттың өзге де талаптары туралы ақпарат беру;

4.1.3. Пайдаланушыға 25 км/сағ дейінгі ең жоғары жылдамдықты дамытатын техникалық жарамды күйдегі ЖМК-ны уақытша иеленуге және пайдалануға беруге (Жылдамдық режимін шектеу аймақтарын ескере отырып - осы Офертаның 1.8-тармағы);

4.1.4. ЖМК-ның қалыпты пайдаланылуына байланысты туындастырылған ЖМК-ны қутіп ұстауға шығыстарды дербес көтеруге (Шартпен Пайдаланушыға тікелей жүктелген шығыстарды қоспағанда);

4.1.5. Шарттан туындастырылған және қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де міндеттерді тиісті түрде орындау.

##### **4.2. Құқық иеленуші мынаған құқылы:**

4.2.1. Мобильді қосымшада тіркелу кезінде Пайдаланушы ұсынатын мәліметтерді, соның ішінде дербес деректерді, сондай-ақ осы Офертаның 3.7-3.8-тармақтарында көрсетілген өзге де мәліметтерді тексеру;

4.2.2. Пайдаланушының осы Офертаның 3.6 және 3.8-тармақтарында белгіленген жағдайларда, Пайдаланушының Шарт бойынша берешегі болған жағдайда, сондай-ақ Пайдаланушының аккаунтын пайдалана отырып алаяқтық іс-әрекеттерді немесе ЖМК-ға, басқа пайдаланушыларға немесе үшінші тұлғаларға қатысты Құқық иеленушінің заңсыз іс-әрекеттерді жүзеге асыруына

күдігі болса, тиісінше осы Офертаның 9.2-тармағында көрсетілген Құқық иеленушінің Шартты бұзу үшін негіздердің кез келгені болған кезде Пайдаланушиның Мобильді қосымшаға қолжетімділігін тоқтата тұру немесе тоқтату (оның ішінде Пайдаланушиның аккаунтын бұғаттау);

4.2.3. Мобильді қосымшада тіркелу кезінде берілген, сондай-ақ Шартты жасасу және орындау кезінде алынған Пайдаланушиның дербес деректерін өндеу;

4.2.4. Шарт бойынша, сондай-ақ Пайдалануши мен Құқық иеленуші арасындағы өзге де шарттар бойынша, егер мұндайлар жасалған жағдайда, Пайдаланушиның берешегін тексеру;

4.2.5. ЖМҚ сақтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ оның техникалық жай-күйіне бақылау жасау, ЖМҚ-ның осы Шартта белгіленген мақсаттарға сәйкес пайдаланылуын бақылау;

4.2.6. Пайдалануши Мобильдік қосымшада тіркелу кезінде тіркеу үшін талап етілетін жалған немесе толық емес деректерді ұсынған жағдайда, Шарт жасасудан бас тартуға құқылы;

4.2.7. Пайдаланушиның Шарттан туындастырылған және/немесе Пайдалануши мен Құқық иеленуші арасында жасалған өзге де шарттардан туындастырылған жағдайда, берешекті толық көлемде өтеген кезге дейін, сондай-ақ Пайдалануши осы Шарттың өзге де талаптарын бұзған жағдайда, Шарт жасасудан бас тартуға, оның қолданысын тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы;

4.2.8. [https://whoosh.bike/terms\\_kz/ru](https://whoosh.bike/terms_kz/ru) мекенжайы бойынша Құқық иеленушінің сайтында және/немесе Мобильді қосымшада Шарттың өзгертілген талаптарын қамтитын осы Офертаның жаңа редакциясын орналастыру арқылы Офертада (Шартқа) (оның ішінде сублицензиялық сыйақыны және жалдау ақысын қоса алғанда, құнына және ЖМҚ жалдау шарттарына) біржақты тәртіппен өзгерістер енгізу. Бұл ретте Офертаның (Шарттың) барлық өзгерістері туралы Пайдаланушиға Мобильдік қосымшада тіркелген кезде Пайдалануши көрсеткен электрондық пошта мекенжайы және осындай өзгерістер күшіне енген күнге дейін кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын Пайдаланушиның аккаунты арқылы хабарланады. Шарттың өзгерістерімен таныспау тәуекелін Пайдалануши көтереді. Пайдалануши Шарттың өзгерістерімен келіспеген жағдайда, ол Мобильді қосымшаны пайдалануды тоқтатуға міндетті. Шарт өзгергеннен кейін Мобильді қосымшаны пайдалануды жалғастыру енгізілген өзгерістермен келісу болып саналады.

4.2.9. Пайдалануши ЖМҚ-ны Сапар аймағынан 1 километрден астам қашықтыққа алғып тастаған жағдайда немесе Құқық иеленушінің ЖМҚ-ны ұрлауға дәлелді күдігі туындаған өзге де жағдайларда, арқылы (оның ішінде Құқық иеленушінің бағдарламалық-техникалық құралдары арқылы) ЖМҚ-ның қозғалысын бұғаттау және құқық қорғау органдарына ұрлық фактісі туралы хабарлау, сондай-ақ өз құқықтарын қорғаудың ҚР заңнамасында көзделген өзге де тәсілдеріне жүгіну;

4.2.10. Құқық иеленушінің Пайдалануши алайқтық іс-әрекеттер жасағаны, сондай-ақ Пайдаланушиның жосықсыз тәртібінің өзге де көріністері туралы (оның ішінде ЖМҚ немесе Мобильді қосымшаны мақсатына сәйкес емес немесе Пайдаланушиның Шарттың өзге де бұзушылығын) пайымдауға жеткілікті негіздері болған жағдайда, Пайдаланушины Мобильді қосымша арқылы хабардар ете отырып, Шарт бойынша орындауды біржақты тәртіппен тоқтату, сондай-ақ Пайдаланушиның Мобильді қосымшаға кіруін тоқтата тұру, Құқық иеленушінің бағдарламалық-техникалық құралдарының көмегімен (оның ішінде Жалға алушы тоқтатпай) ЖМҚ қозғалысын бұғаттау, ал қажет болған жағдайда Пайдаланушиның ЖМҚ-ны жалға алушын мәжбүрлі түрде аяқтау.

4.2.11. ЖМҚ моделіне байланысты аккумулятор заряды өте төмен деңгейге дейін төмендеген жағдайда ЖМҚ-ны энергияны үнемдеу режиміне ауыстыру (жылдамдықты төмендетеу).

4.2.12. Құқық иеленушінің тіркелген есептік жазбаны пайдаланудың занылышына қатысты күмәні туындаған жағдайда, Құқық иеленуші Мобильді қосымша арқылы немесе Пайдалануши Мобильді қосымшада тіркелген кезде көрсеткен электрондық пошта арқылы Пайдаланушиның жеке басы туралы жоғарыдағы 3.7-тармақта көрсетілгендей қосымша ақпарат беру туралы сұрау салуға құқылы. Тараптар сұрау салуға жауап оны жіберген сәттен бастап бір тәулік ішінде берілмеген жағдайда, Құқық иеленуші Пайдаланушиның аккаунтын бұғаттау арқылы тоқтата тұруға, ал тиісті сұрау салу жіберілген сәттен бастап үш тәулік өткен соң осы Шарттың қолданылуын тоқтатуға құқылы деп келісті.

4.2.13. ЖМҚ жылдамдық режимін шектеу аймағына кірген жағдайда ЖМҚ-ның ең жоғарғы жылдамдығын азайтуға (осы Офертаның 1.8-тармағы).

4.2.14. Құқық иеленуші Пайдаланушыға хабарламай кез келген уақытта МобиЛЬДІ қосымшаның функционалдық мүмкіндіктерін өзгертуге (МобиЛЬДІ қосымшаны жаңартуға) және МобиЛЬДІ құрылғысында МобиЛЬДІ қосымшаның ескі (жаңартылмаған) нұсқасы орнатылған Пайдаланушыға немесе мобиЛЬДІ құрылғысы МобиЛЬДІ қосымшаша үшін қауіпсіз емес деп танылған Пайдаланушыға Шарт бойынша орындауды ұсынудан бас тартуға құқылы.

4.2.15. Егер ЖМҚ жалдау мерзімі 4 (төрт) сағаттан асып кетсе, Пайдаланушының ЖМҚ жалдауын мәжбүрлеп аяқтауын қамтамасыз етуге және бағдарламалық-техникалық құралдардың көмегімен ЖМҚ қозғалысын бұғаттауы тиіс.

#### **4.3. Пайдаланущы мынаған құқылы:**

Пайдаланущы МобиЛЬДІ қосымшаны және ЖМҚ-ны Шартта көзделген талаптармен пайдалануға құқылы.

#### **4.4. Пайдаланущы мынаған міндетті:**

4.4.1. ЖМҚ-ны пайдалана бастағанға дейін зақымданулардың болуын тексеру, ЖМҚ техникалық жай-күйін және оның пайдалануға жарамдылығын, оның ішінде нөлдік сапар шеңберінде тексеру (осы Офертаның 6.5-тармағы);

4.4.2. ЖМҚ-ны пайдалана бастағанға дейін оның зақымдануы немесе өзге де түрде нашарлауы анықталған жағдайда, бұл туралы Құқық иеленушіге хабарлауға және оған МобиЛЬДІК қосымшадағы пайдаланушыларға Қолдау көрсету қызметінің чаты арқылы фотосуреттерді жіберуге болады. Егер Пайдаланущы пайдалану басталғанға дейін Құқық иеленушіге ЖМҚ-ның зақымданулары немесе өзге де түрдегі нашарлауы туралы хабарламаған жағдайда, Пайдаланущы ЖМҚ-ны жалға алу кезінде, егер оларды осы ЖМҚ-ның басқа [кеlesі] пайдаланушысы немесе кейіннен Құқық иеленуші бұдан әрі анықтаса, зақым келтірғен болып есептеледі;

4.4.3. Осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген ЖМҚ-ны Жалға қабылдау және Жалға алууды аяқтау тәртібін сақтау;

4.4.4. ЖМҚ-ны қатаң түрде оның мақсатына сәйкес қолдану;

4.4.5. Топтық сапар жағдайларын қоспағанда, ЖМҚ-ны үшінші тұлғаларға қосалқы жалға бермеуге, сондай-ақ ЖМҚ-ны жеке пайдалануға болмайды;

4.4.5.1 Пайдаланущы ЖМҚ-ны 18 жасқа толмаған үшінші тұлғаларға пайдалануға беруге құқылы емес;

4.4.6. ЖМҚ-ны Жалға алған сәттен бастап Жалға алууды тоқтатқан сәтке дейін сақтығын қамтамасыз ету;

4.4.7. Құқық иеленушінің мүлкін ұқыпты пайдалану, сондай-ақ Құқық иеленушінің мүлкіне залал келтірудің алдын алу жөнінде шаралар қолдану. Осыған орай Пайдаланушыға мынадай бірқатар іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады:

4.4.7.1 Пайдаланушыға ЖЖҚ талаптарын ескере отырып, қатты жабыны жоқ жерде, тегіс емес жерде ЖМҚ-ны пайдалануға, негізгі төсемнен 3 см-ден астам ерекшеленетін кез келген шұнқырлар, ойықтар, төбешіктер, өзге де тегіс емес жерлер арқылы өтуге, сол сияқты өткір жиектері бар немесе ЖМҚ дөңгелектеріне қосымшаша жүктеме тудыратын жол төсемінің өзге де ерекшеліктері бар жерлерде, теренждікті сыртқы анықтау мүмкіндігіне қарамастан теренждігі 1 см-ден асатын шалшықпен жүруге тыйым салынады;

4.4.7.2. Пайдаланушыға жолсыз, ойлы-қырлы жерде жүру үшін ЖМҚ пайдалануға тыйым салынады;

4.4.7.3. Пайдаланушыға акробатикалық трюктерді орындауға, секіруге, кедергілер, жиектемелер, сатылармен жүруге; ЖМҚ-ны жарыстарда пайдалануға; дрифт жасауға; Электросамокат қозғалыссыз болған кезде газ шүріппесін баса отырып, электрі қозғалтқышты қозғалысқа келтіруге тыйым салынады;

4.4.7.4. Пайдаланушиға ЖМҚ-ны жүктерді тасымалдау, сүрету үшін пайдалануға; ЖМҚ-мен бір адамнан артық жүргүге, сондай-ақ балалар мен жануарларды тасымалдауға; жиынтық салмағы 100 кг-нан асқан кезде (киіммен, сөмкемен, рюкзакпен және т.б.) ЖМҚ-мен жүрге тыйым салынады;

4.4.7.5. Пайдаланушиға жалға алу аяқталғаннан кейін ЖМҚ-ны қол жеткізу қыын жерлерде (кіреберіс, жабық аумақ және т.б.) қалдыруға, оны рұқсат етілмеген конструкцияларға (өтпелердің сүйеніштері, дүкендер мен кіреберістердің кіреберіс топтары, терезе торлары және т.б.) бекітуге немесе ЖМҚ-ны өзге түрде бұғаттауға тыйым салынады;

4.4.7.6. Пайдаланушиға ЖМҚ-ны (оның ішінде штаттық механизмді пайдалана отырып) жинауға тыйым салынады;

4.4.7.7. Пайдаланушиға жапсырмаларды, сәйкестендіру нөмірлерін, штрихкодтарды шешіп алуға, сондай-ақ жазулар жазуға, жапсырмалар жапсыруға, белгілер салуға, ЖМҚ-ның лак-бояу жабының бүлдіргүге, оны ластауға (платформаның көше аяқ киімімен қалыпты ластануынан басқа) тыйым салынады;

4.4.7.8. Пайдаланушиға ЖМҚ аккумуляторының толық разрядталуына жол беруге тыйым салынады;

4.4.7.9. Пайдаланушиға Құқық иеленушінің Сайтына, Мобильді қосымшасына, ЖМҚ-ға, Құқық иеленушінің өзге де мүлкіне зиян келтіруі мүмкін технологияларды пайдалануға немесе іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады;

4.4.7.10. Пайдаланушиға ЖМҚ-ға немесе оның жеке бөліктеріне кез-келген өзгерістер енгізуге, кез-келген сипаттамаларды өзгертуге, ЖМҚ-ны жақсартуға немесе нашарлатуға тыйым салынады;

4.4.7.11. Пайдалануши ЖМҚ-ны жалға алу кезеңі ішінде (Жалға алу аяқталмаған жағдайда) 30 минуттан астам уақыт бойы Тұрақтан тыс қозғалыссыз қалдыруға құқылы емес.

4.4.8. Құқық иеленушіге Мобильдік қосымша арқылы жалға беру кезінде алынған ЖМҚ-ның кез келген зақымдануы, жүйелердің кез келгенінің ажыратылуы, өзге де ақаулықтар, ЖМҚ қатысатын жол-көлік оқиғалары; Мобильдік қосымша жұмысының бұзылуы туралы дереу хабарлауға. Мұндай жағдайларда Пайдалануши ЖМҚ-ны пайдалануды тоқтатуы керек, бұл туралы Құқық иеленушіге Мобильді қосымшадағы қолдау көрсету қызметінің чаты немесе support@whoosh.bike электрондық поштасы арқылы хабарлау қажет;

4.4.9. Мобильді қосымшадағы өз аты мен құпия сөзін қоса алғанда, өзінің есептік жазбасын басқа тұлғалардың рұқсатсыз пайдалануынан қорғау үшін тиісті шаралар қабылдау және осындай пайдалану анықталған жағдайда Құқық иеленушіге тиісті ақпаратты дереу хабарлау;

4.4.10. Пайдалануши өзінің есептік жазбасының деректерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес;

4.4.11. Мобильді қосымшаны тек Шартта белгіленген шектерде ғана пайдалану және Құқық иеленушінің Мобильді қосымшага айрықша құқығын бұзуга жол бермеу;

4.4.12. Құқық иеленушінің Сайтындағы, сондай-ақ Мобильді қосымшадағы ақпараттың жаңартылуын қадағалау;

4.4.13. Осы Шарттың талаптарына сәйкес сублицензиялық сыйақыны және жалдау ақысын уақтылы төлеу, Шартта көзделген өзге де төлемдерді төлеу, осы Шарттың талаптарын орындау үшін Пайдалануши көрсеткен банк картасында ЖМҚ жалдау ақысын төлеу және сублицензиялық сыйақыны төлеу үшін жеткілікті көлемде ақшалай қаражаттың болуын қамтамасыз ету;

4.4.13.1 Осы Шарттың талаптарына сәйкес, егер ЖМҚ зарядтың төмендеуіне байланысты үнемді режимге ауысса немесе осы Пайдаланушиның алдыңғы жалдау кезеңінде зарядсыздандықтан ажыратылған болса да, ЖМҚ жалдау ақысын толық көлемде уақтылы төлеу;

4.4.14. Пайдалану аяқталғаннан кейін және жалдау тоқтатылғаннан кейін Пайдаланушы ЖМҚ-ны дұрыс тұраққа қоюға міндетті.

4.4.15.1. Осы Офертаның 4.4.14-тармағының мақсаттары үшін ЖМҚ-ны дұрыс тұраққа қою Пайдаланушиның мынадай іс-әрекеттер жиынтығын жасағанын білдіреді:

- Мобильді қосымшаның картасында "Р" белгісімен белгіленген Тұрақ нұктесіне ЖМҚ-ға кіреберіс;
- ЖМҚ-да құлып болған жағдайда және егер Тұрақ Виртуалды болып табылмаса (осы Офертаның 1.13-тармағы) - ЖМҚ-ны тұрақ конструкциясының түйік бөлігіне бекіту;
- Мобильді қосымшада "Финиш" түймесін басу (немесе Мобильді қосымшада басқаша аталса, басқа атаумен тиісті функционалдың түймесін басу);
- ЖМҚ тұрағының дұрыстығын растайтын фотосуреттерді Мобильді қосымша арқылы Құқық иеленушіге жіберу;
- ЖМҚ-ны жаяу жүргіншілердің және/немесе көлік құралдарының қозғалысына кедергі келтірмейтіндегі етіп орналастыру (мысалы, ЖМҚ қабырға, қорғанға, жаяу жүргіншілер жолының шетіне мүмкіндігінше жақын орналасуы керек және қабырға, қорғанға, жаяу жүргіншілер жолының шетіне перпендикуляр емес, бір бағытта болуы керек).

4.4.15.2. Осы Офертаның 4.4.14-тармағының мақсаттары үшін Пайдаланушы келесі бұзушылықтардың ең болмағанда біреуіне жол берсе, ЖМҚ тұрағы дұрыс емес деп саналады:

- ЖМҚ саяхат аймағынан тыс жерде қалдырылған;
- ЖМҚ Мобильді қосымшада картада белгіленген тұрақ нұктесінен тыс қалдырылған;
- Құлыппен жабдықталған және Виртуалды емес Тұрақта қалдырылған, ЖМҚ сым арқанмен бекітілмеген және/немесе ЖМҚ құлпы жабылмаған;
- Пайдаланушы Мобильді қосымшада Жалға алуды аяқтамаған және бұл ретте ЖМҚ 30 минуттан астам уақыт бойы қозғалыссыз қалдырылған;
- Пайдаланушы Жалға алуды аяқтады, бірақ Мобильді қосымшада немесе Мобильді қосымшадағы пайдаланушиларға Қолдау көрсету қызметімен чатта тұрақтың дұрыстығын растау үшін фотосуреттер жіберілмеген;
- ЖМҚ жаяу жүргіншілердің және/немесе көлік құралдарының қозғалысына кедергі келтіретіндегі орналастырылған.

4.4.15.3. Мобильді қосымшаның немесе ЖМҚ-ның жұмысындағы техникалық күрделіліктерге байланысты дәлелді себептер бойынша дұрыс тұрақ орнын орындау мүмкін болмаған жағдайда, **Қолдау көрсету қызметінен растау алғаннан кейін** ЖМҚ жолдың жиегінде немесе жаяу жүргіншілер жолында, бірақ оның орналасуы жаяу жүргіншілердің және/немесе көлік құралдарының қозғалысына кедергі келтірмейтіндегі етіп тұраққа қойылуы мүмкін. Пайдаланушы ЖМҚ-ның трамвай жолдарында, теміржол өтпелерінде, тоннель өтпелерінде, эстакадаларда, көпірлерде, жол өтпелерінде, жаяу жүргіншілер өтпелерінде және олардың алдында 5 м жақын; журу бөлігінде қауіпті бұрылыштарға жақын; велосипедшілерге арналған жолақта; журу бөліктерінің қыылышында және қыылышатын жүріс бөлігінің шетінен 5 метр жақын жерде; маршруттық көлік құралдары аялдайтын немесе жөніл таксилер тұратын жерден 15 метр жақын жерде қоймауы тиіс.

4.4.15.4. Осы Офертаның 4.4.15.3-тармағының тәртібімен ЖМҚ-ның тұрағы туралы, сондай-ақ осындағы тұрақ қажеттілігін туыннатқан (дұрыс тұраққа кедергі келтірғен) себептер туралы Пайдаланушы Құқық иеленушіні Пайдаланушиның Мобильді қосымшадағы Қолдау көрсету қызметімен чат арқылы дереу хабардар етуге тиіс.

4.4.16. ЖМҚ осы Офертаның 4.4.14-тармағын қоса алғанда, Шартта көзделген тәртіппен қандай да бір зақымданусыз, техникалық жарамды күйде Құқық иеленушіне қайтарылуы тиіс;

4.4.17. ЖМҚ пайдалану кезінде Пайдаланушы ЖЖҚ сақтауга және оларды бұзғаны үшін жауапкершілік көтеруге міндетті. Осылан байланысты, Пайдаланушы ЖМҚ-ны пайдаланған кезде, атап айтқанда:

- велосипедшілерге арналған жолмен, велосипед-жаяу жүргіншілер жолдарымен немесе велосипедшілерге арналған жолақпен қозғалу керек;

- Егер велосипед және велосипед-жаяу жүргіншілер жолдары, велосипедшілерге арналған жолақ болмаса немесе олармен немесе жүру бөлігінің оң жақ шетімен қозғалу мүмкіндігі болмаса, жол жиегімен жүргүре рұқсат етіледі;
- егер велосипед және велосипед-жаяу жүргіншілер жолдары, велосипедшілерге арналған жолақ болмаса немесе олармен, сондай-ақ жүру бөлігінің оң жақ шетімен немесе жол жиегімен жүру мүмкіндігі болмаса, ЖЖҚ талаптарын ескере отырып, қатты жабыны бар басқа жерлермен жүргүре рұқсат етіледі;
- егер жаяу жүргіншілер жолымен, жаяу жүргіншілер жолағымен, жол жиегімен немесе жаяу жүргіншілер аймағы шегіндегі жүру басқа тұлғалардың жүруіне қауіп төндірсе немесе кедергі келтірсе, самокатты сүйреп жаяу жүру және жаяу жүргіншілерге жол беру қажет;
- тәуліктің қараңғы уақытында немесе көру қабілеті жеткіліксіз жағдайларда қозғалу кезінде ЖМҚ фарасын және фонарын қосу қажет, сондай-ақ өзімен бірге жарық шағылыстыруышы элементтері бар заттарды алтып жүру және осы заттардың жол қозғалысының басқа қатысуышыларына көрінуін қамтамасыз ету үсінілады;
- осы Офертада тікелей келтірілмеген ережелерді қоса алғанда, ЖЖҚ басқа қолданылатын ережелерін қағадалау және оларды бұзғаны үшін дербес жауапкершілік көтеру.

4.4.18. Қауіпті жағдайлардың алдын алу және ЖЖҚ бұзушылығының алдын алу үшін Пайдаланушыға мынаган тыйым салынады:

- ЖМҚ-ны алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де масаң күйде басқару, сол сияқты үекілетті лауазымды тұлғаның сұрау салуы бойынша медициналық күеландыру рәсімін жүргізуден бас тарту;
- рульді кемінде бір қолмен ұстамастан ЖМҚ-ны басқару;
- жүрім бөлікті жер үсті, жер асты және өзге де өткелдер бойынша ЖМҚ-дан түспей кесіп өту керек.

4.4.18.1. Жалдау кезеңінде және жалдау кезеңінен тыс уақытта Пайдаланушыға ЖМҚ-ны автомобильде, автобуста, троллейбуста, таксиде және кез-келген басқа көлікте (кез-келген басқа тәсілмен) тасымалдауға, ЖМҚ-мен метроға түсуге, онымен кіруге немесе оны гимараттардың, қол жетімділігі шектеулі аумақтар және т.б. ішінде кіргізуге/әкелуге тыйым салынады.

4.4.18.2. ЖМҚ Сапарлар аймағынан тыс жерге шыққан (кез келген өзге тәсілмен орнын ауыстырған) жағдайда, Пайдаланушы дереу ЖМҚ-ны Сапарлар аймағына қайтаруға міндетті. ЖМҚ Сапар аймағынан тыс жерде болған уақыты Жалдау кезеңіне қосылады және ақы төленуге жатады.

4.4.19. Үшінші тұлғалардың, оның ішінде жол қозғалысының басқа да қатысуышыларының өміріне, денсаулығына және мүлкіне зиян келтіруге жол бермеу. ЖМҚ пайдалану арқылы зиян келтірілген жағдайда, Пайдаланушы ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен жауапкершілікке тартылады.

## **5. Төлем көлемі, тәртібі және нысаны**

5.1. Төлемдер қолданыстағы заңнамада және тиісті төлем жүйелерінің қағидаларында айқындалған тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады. Сублицензиялық сыйақыны, жалдау төлемін, айыппұлдарды және Шартта көзделген өзге де төлемдер төлеуді қоса алғанда, Шарт бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыру Тарифтерге сәйкес Пайдаланушының банктік картасынан ақшалай қаражатты акцептсіз есептен шығару арқылы жүргізіледі.

5.2. Осы Офертаны акцептеген кезде Пайдаланушы Құқық иеленүшінің Пайдаланушы банкіне тапсырмалар, сұрау салулар, талаптар жіберуіне, сондай-ақ сублицензиялық сыйақыны, жалдау төлемдерін, айыппұлдарды және Шартта көзделген өзге де төлемдерді құрайтын ақшалай қаражатты акцептсіз есептен шығаруға өзінің сөзсіз келісімін білдіреді.

5.3. Сублицензиялық сыйақының және жалдау ақысының көлемі, сондай-ақ оларды төлеу тәртібі Офертаның осы 5-бөлімімен, сондай-ақ Тарифтермен және Пайдаланушы Жазылымды іске

қосқан жағдайда Мобильді қосымшада қолжетімді Жазылымдардың сипаттамасымен реттеледі. Оферта ережелері Тарифтердің ережелеріне және Жазылымдардың сипаттамасына қайшы келген жағдайда, Тарифтердің ережелері мен Жазылымдардың сипаттамалары басым күшке ие болады. Тариф ережелері мен Жазылым сипаттамасы арасында қайшылық болған жағдайда Жазылым сипаттамасы басым күшке ие болады.

#### **5.4. Сублицензиялық сыйақы**

5.4.1. Шартқа сәйкес Сублицензия берілгені үшін Пайдаланушы Құқық иеленушіге Тарифтерде белгіленген көлемде сублицензиялық сыйақы төлейді.

5.4.2. Сублицензиялық сыйақы келесі құрамдас бөліктерді қамтиды:

5.4.2.1. Егер Пайдаланушы қолжетімді Whoosh Pass жазылымдарының біреуін де сатып алmasa:

(a) әрбір жаңа ЖМҚ жалдауды бастау үшін Мобильді қосымшаның функционалдығын пайдаланған сайын Пайдаланушыдан алынатын Тарифтермен тіркелген көлемдегі белгіленген төлем (ЖМҚ бұғаттан шығару, сапарды бастау);

(b) Тарифтерде (минуттық тариф) көрсетілген мөлшерлемеге сәйкес ЖМҚ жалдау кезеңінде Мобильді қосымшаны пайдаланудың әрбір 1 минуты үшін есептелетін сублицензиялық сыйақы.

5.4.2.2. Пайдаланушы қол жетімді Whoosh Pass Жазылымдарының кез келгенін сатып алған жағдайда:

(a) көлемі мен төлеу төртібі осы Офертаның 5.6.3-тармағымен, сондай-ақ Тарифтермен және Жазылым сипаттамасымен айқындалатын Жазылым ақысы;

(b) осы Офертаның 5.4.2.1 (b) тармағында көрсетілген минуттық тарифке сәйкес сублицензиялық сыйақы;

(c) Тарифтерде және/немесе Жазылым сипаттамасында осы Офертаның 5.4.2.1 (a) тармағында көрсетілген сублицензиялық төлемді Жазылымның қолданылу кезеңіне толық жою көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда тиісті Жазылымның қолданылу кезеңінде мұндай сублицензиялық төлем есептеуге және төлеуге жатпайды және сублицензиялық сыйақы көлеміне қосылмайды. Егер Тарифтерде және/немесе Жазылым сипаттамасында осы Офертаның 5.4.2.1 (a) тармағында көрсетілген сублицензиялық төлемді толық жою көзделмесе, тиісті төлем сублицензиялық сыйақы құрамына енгізіледі.

#### **5.5. Жалдау ақысы**

5.5.1. ЖМҚ жалдау ақысының көлемі Пайдаланушының ЖМҚ-ны нақты жалдау уақытына байланысты және 1 минуттық Жалдау үшін белгіленген тариф негізінде есептеледі. Жалдау ақысының тиісті тарифі динамикалық болып табылады және әртүрлі факторларға, соның ішінде ЖМҚ сұранысына және сапар басталған кездегі ЖМҚ батарея деңгейіне байланысты болуы мүмкін. ЖМҚ жалға алуына қолданылатын нақты тариф Пайдаланушы ЖМҚ таңдаған кезде Whoosh Мобильді қосымшасында, бірақ жалдау басталғанға дейін көрсетіледі.

#### **5.6. Whoosh Pass жазылымдары**

5.6.1. Пайдаланушы Мобильді қосымша функционалы арқылы Шарттың кез келген сәтінде Жазылым сипаттамасына сәйкес қолжетімді нұсқалардың біріне сәйкес Whoosh Pass Жазылымын сатып алуға (Жазылымды іске қосуға) құқылы. Бір уақытта тек бір Жазылымды қосуға рұқсат етіледі.

Бұл ретте Пайдаланушы бұдан бұрын қосылған Жазылымның қолданылу мерзімі ішінде жаңа Жазылым сатып алуға құқылы. Көрсетілген жағдайда жаңадан сатып алынған Жазылым үшін төлем оны сатып алған сәтте есептен шығарылады, ал Жаңа жазылымды іске қосу алдыңғы Жазылымның қолданылу кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күні жүзеге асырылады.

5.6.1.1. Жазылымның әрекет етуі Пайдаланушыға тек ЖМҚ-ны пайдаланудың бір Географиялық аймағында ғана қолжетімді болады. Пайдаланушының географиялық орналасу аймағы Мобильді қосымша функционалы арқылы автоматты режимде анықталады.

Егер Пайдалануши Шарт шеңберінде ЖМҚ пайдаланылуы мүмкін Географиялық аймақта болмаса, Жазылымды сатып алу мүмкін болмайды.

**5.6.1.2. Егер Жазылым сипаттамасында өзгеше белгіленбесе, Пайдалануши өзінің есептік жазбасын пайдалана отырып, Жазылым үшін ақы алмай Жазылымды пайдаланудың сынақ мерзімін тек бір рет пайдалана алады.**

5.6.2. Жазылымды іске қосу Жазылымның сипаттамасына сәйкес осындай Жазылымның қолданылу кезеңіне Шарт талаптарының өзгеруіне, оның ішінде мынадай өзгерістерге (егер Жазылым сипаттамасында өзгеше белгіленбесе) әкеп соғады:

5.6.2.1. Осы Офертаның 5.4.2.2-тармағына сәйкес сублицензиялық сыйақы көлеміне қатысты шарттардың өзгеруі;

5.6.2.2. Жазылым сипаттамасында көрсетілген басқа шарттар. Мұндай шарттарға Пайдалануши Топтық сапар шеңберінде Жалға қабылдай алатын ЖМҚ саны; Броньдау кезеңінің ұзақтығы; Сақтандыру құны; осы Офертаның 5.7-тармағында көзделген депозитті Пайдаланушиның банктік картасындағы бұғаттауды болдырмау, сондай-ақ өзге де шарттар жатады.

5.6.3. Пайдалануши таңдаған Жазылым нұсқасын іске қосу кезінде, **Сынақ мерзімін қоспағанда**<4> Пайдаланушиның банктік картасынан 5.4.2.2 (а) тармағында көрсетілген, Жазылым сипаттамасында белгіленген көлемде Жазылым үшін төлем алынады. Осы Офертаның 5.6.1-тармағының екінші абзацында белгіленген жағдайларда Жазылым үшін төлем Мобильдік қосымшада осындай Жазылымды сатып алған сәтте, бірақ осындай Жазылымды іске қосқанға дейін Пайдаланушиның банктік картасынан алынады.

5.6.4. Пайдалануши таңдаған Whoosh pass Жазылымы Жазылым сипаттамасындағы Жазылымның белгілі бір түріне қатысты көрсетілген мерзімге жарамды және келесі ретпен іске қосылады:

- **Сынақ кезеңі іске қосылған сәттен бастап,**
- Пайдалануши Жазылым үшін төлемді енгізген сәтте Пайдалануши бұдан бұрын сатып алған Жазылым қолданылмаған жағдайда - Құқық иеленушінің есеп айырысу шотына Жазылу үшін төлемнің толық сомасы түскен сәттен бастап;
- алдыңғы Жазылымның әрекет ету кезеңінің соңғы қунінен кейінгі қүннен бастап - егер Пайдалануши Жазылым үшін төлем енгізген кезде Пайдалануши бұрын сатып алған Жазылым әрекет еткен жағдайда.

5.6.5. Пайдаланушиның банктік картасында Жазылымды төлеу үшін ақшалай қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, Сынақ мерзімін қоспағанда, **Жазылымды іске қосу және/немесе сатып алу жүзеге асырылмайды**<4> Сынақ мерзімін іске қосу үшін Пайдалануши кез келген жағдайда банктік картаны Мобильді қосымшадағы өзінің аккаунтына тіркеуі керек.

5.6.6. Жазылым мерзімі, оның ішінде Сынақ кезеңі аяқталғаннан кейін, тиісті Жазылым сол кезеңге автоматты түрде қайта іске қосылады (Жазылымды ұзарту), егер:

- Пайдалануши Мобильді қосымшадағы жазылым мерзімін өшірмесе;
- ағымдағы Жазылым шарттарын 5.6.8-тармаққа сәйкес Құқық иеленуші өзгерптесе (атап айтқанда, егер осындай өзгерістердің нәтижесінде Офертада және/немесе Жазылым сипаттамасында ағымдағы Жазылым шарттарына сәйкес келетін шарттармен Жазылым көзделмесе);
- ағымдағы Жазылымның әрекет ету кезеңі аяқталғанға дейін Пайдалануши жаңа Жазылымды сатып алмаса (осы Офертаның 5.6.1-тармағының екінші абзазы).

Жазылымды ұзарту Жазылымның әрбір қолданылуының әрбір қолданылу кезеңі аяқталғаннан кейін шексіз рет жүзеге асырылады.

Бұл ретте оның қолданылуының әрбір жаңа кезеңіне Жазылым шарттары тиісті кезеңге оның төленген қуніне тиісті Жазылым сипаттамасында қамтылған шарттармен (оны іске қосу қуніне қарамастан) айқындалады. Пайдалануши Мобильдік қосымшадағы Жазылым шарттарының

өзгеруін өз бетінше қадағалауға және осындаш шарттардың өзгеруімен келіспеген жағдайда Жазылымды автоматты түрде жаңартуды өшіруге міндetti.

**5.6.6.1.** Пайдаланушы Мобильді қосымша арқылы Жазылымның сынақ мерзімі аяқталғанға дейін Жазылымды сатып алушан (ұзартудан) бас тартуға құқылы. Пайдаланушы Сынақ мерзімін пайдаланған жағдайда Құқық иеленүші push-хабарландыры арқылы Пайдаланушыға осы Офертаның 5.6.3-тармағына сәйкес келесі кезеңге Жазылым үшін ақы алынғанға дейін 24 (жынырма төрт) сағат бурын осындай Сынақ кезеңінің аяқталғаны туралы жеке хабарлайды.

5.6.7. 5.6.6-тармақта сәйкес Жазылымды ұзарту Пайдаланушының банктік картасынан Жазылым үшін төлем есептен шығарылған жағдайда жүзеге асырылады, бұл ретте Жазылым тиісті төлем Құқық иеленушінің есеп айырысу шотына келіп түскен сәттен бастап кезекті кезеңге ұзартылған болып есептеледі. Пайдаланушының банктік картасында Жазылымды төлеу үшін ақшалай қаражаты жеткіліксіз болған кезде Жазылымды автоматты түрде ұзарту жүзеге асырылмайды.

5.6.8. Құқық иеленуші кез келген сәтте бір жақты тәртіппен МобиЛЬДІК қосымшадағы тиісті Жазылымның сипаттамасында жаңа шарттарды орналастыру арқылы Жазылым шарттарын өзгертуге құқылы. Жазылымның жаңа шарттары Жазылым сипаттамасында Құқық иеленуші осындай шарттарды орналастырғаннан кейінгі келесі күні немесе одан кешіктірмей төленген Жазылымдарға (оның ішінде Жазылымды ұзарту тәртібімен) қолданылады және бұдан бұрын төленген Жазылымдардың шарттарын өзгертпейді. Пайдалануши МобиЛЬДІК қосымшадағы Жазылым шарттарының өзгеруін өз бетінше қадағалауға міндетті.

5.6.9. Пайдаланушы Жазылымның әрекет ету кезеңі ішінде кез келген сәтте Мобильді қосымшадағы тиисті функцияны өшіріп, Жазылымды автоматты түрде ұзартудан біржакты тәртіппен бас тартуға күкілі.

5.6.10. Құқық иеленуші келесі жағдайларда кезекті кезеңге Жазылымды автоматты турде үзартуды біржакты тәртіппен жоюға құқылы:

5.6.10.1. егер Жазылымның ағымдағы қолданылу кезеңі ішінде Пайдаланушы ЖМҚ-ны бірде-бір рет жалға алмаған болса;

5.6.10.2. егер Пайдалануышы Жазылымның ағымдағы қолданылу кезеңі ішінде Шарттың бұзылуына жол берсе.

5.6.11. Егер Пайдаланушы Жазылымның қолданылу кезеңі ішінде Шарттың бұзылуына жол берген жағдайда, Құқық иеленуші Жазылымның қолданылу кезеңі аяқталғанға дейін оның көлданылуын біржакты тәртіппен тоқтатуға күкіп.

5.6.12. Құқық иеленуші техникалық себептер бойынша банктік картадан Жазылым төлемін есептен шығару болмаған және Жазылым іске қосылмаған (оның ішінде кезекті кезеңге үзарту тәртібімен) жағдайлар үшін жарапкершілік көтермейді.

5.6.13. Жазылым тоқтатылған сәттен бастап Тараптардың қатынастары Жазылым сипаттамасындағы шарттарды көлданбай Шарт талаптарымен реттепелі

## 5.7. Депозитті бұғаттау

5.7.1. Сублицензиялық сыйақыны, сондай-ақ жалдау төлемақысын төлеуге кепілдік беру мақсатында Құқық иеленуші Пайдаланушының картасында 8 000 (сегіз мың) теңгеге дейінгі соманы бұғаттауға құқылы. Пайдаланушы сапар үшін толық төлегеннен кейін (сапар нәтижесінде есептелген сублицензиялық сыйақыны және жалдау ақысын қоса алғанда) Құқық иеленуші көрсетілген соманы бұғаттан шығарады және ақшалай қаражаттар Пайдаланушының банктік картасында қалады.

5.7.2. Егер сапар барысында есептелген сублицензиялық сыйақының және жалдау ақысының жиынтық мөлшері 2 500 (екі мың бес жүз) теңгеден кем болған жағдайда, Құық иеленуші Пайдапанушы жол журу ақысын төпегенге дейін депозитті бүгіннен шығаруға күкіп

5.7.3. Пайдаланушының банктік картасында жол журу ақысын төлеу үшін ақшалай қаражат (оның ішінде сублицензиялық сыйақы және жалдау ақысы) Офертаның 5.8-бөлімінің тәртібімен есептен шығарылу сәтінде жеткіліксіз болған жағдайда, Құбық иеленуші 5.7.1-тармақта көрсетілген депозит сомасын жол журу ақысын төлеу үшін жетпейтін соманы толығымен немесе оның бір бөлігін жабу үшін есептен шығаруы мүмкін.

## **5.8. Сапар аяқталғаннан кейін ақшалай қаражатты есептен шығару тәртібі**

5.8.1. Сапар соңында Пайдаланушының банктік картасынан сапар барысында есептелген келесі төлемдер алынады:

- осы Офертаның 5.4.2.1 (a) тармағында көрсетілген сублицензиялық төлем (егер қолданылса);
- осы Офертаның 5.4.2.1 (b) тармағында көрсетілген сублицензиялық төлем;
- осы Офертаның 5.5.1-тармағында көрсетілген жалдау төлемі.

5.8.2. 5.8.1-тармақта көрсетілген ақшалай қаражат жалдау тоқтатылғаннан кейін бірден есептен шығарылады. Егер ЖМҚ жалдау барысында осы Офертаның 5.8.1-тармағында көрсетілген төлемдердің жиынтық көлемі іс жүзінде 2 500 (екі мың бес жұз) теңгеден асқан жағдайда, Құқық иеленуші көрсетілген лимиттен асқан сайын (оның ішінде Жалдау барысында) Пайдаланушы Жалдауды тоқтатқанға дейін Пайдаланушы шотынан 2 500 (екі мың бес жұз) теңге көлемінде ақшалай қаражатты есептен шығаруға құқылы.

5.8.3. Осы Офертаның 5.8.1-тармағында көрсетілген төлемдерді төлеу үшін ақшалай қаражат жеткіліксіз болған немесе оларды Пайдаланушының шотынан есептен шығару мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ Пайдаланушы 2 500 (екі мың бес жұз) теңгеден астам мөлшердегі берешегіне жеткен жағдайда, Пайдаланушы Шарт бойынша пайда болған берешекті толық төлеген сәтке дейін Құқық иеленуші ЖМҚ жалдануын мәжбүрлі түрде тоқтатуға және Жалдауды қайта бастауға жол бермейтін есептік жазбаны бұғаттауды орнатып, Пайдаланушының Мобильді қосымшаға қолжетімділігін шектеуге құқылы.

## **5.9. Айыппұлдарды есептен шығару тәртібі**

5.9.1. Пайдаланушының Шарт талаптарын бұзушылығы үшін айыппұл көзделген Шарт бұзушылығы анықталған сәтте Құқық иеленуші Пайдаланушының банктік картасынан тиісті айыппұл сомасын есептен шығаруға құқылы. Пайдаланушының банктік картасында ақшалай қаражат жеткіліксіз болған жағдайда айыппұл төлеуге ақшалай қаражат Пайдаланушының картасына ақшалай қаражаттың тусу шамасына қарай бөліктермен есептен шығарылады.

5.9.2. Егер осы Офертаның 5.9.1-тармағына сәйкес айыппұл есептен шығарылғаннан кейін Құқық иеленуші мұндай есептен шығарудың негізсіздігін анықтаса (атап айтқанда, Пайдаланушының Шартты бұзушылығының болмауына немесе Пайдаланушының тиісті бұзушылық жасауда кінесінің болмауына байланысты), Құқық иеленуші айыппұл төлеуге есептен шығарылған ақшалай қаражатты пайдаланушының банк картасына қайтарады. Пайдаланушы Мобильді қосымшаны пайдалану арқылы Құқық иеленушіге тиісті наразылық жіберген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей Құқық иеленуші ақшалай қаражатты қайтару керек.

## **6. ЖМҚ жалға алу (жалдау) мерзімі**

6.1. ЖМҚ-ны жалдау мерзімі минуттармен және сағаттармен есептеледі. ЖМҚ жалдаудың ең ұзақ мерзімі 4 (төрт) сағаттан аспайды. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін Құқық иеленуші Пайдаланушының ЖМҚ-ны жалға алуын мәжбүрлеп аяқтауға және бағдарламалық-техникалық құрапдар арқылы ЖМҚ-ның қозғалысын бұғаттауға құқылы.

6.2. ЖМҚ жалдау кезеңі Мобильдік қосымшадағы "Сапарды бастау" түймесін (немесе, егер Мобильдік қосымшада басқаша аталса, өзге атаумен тиісті функционалдың түймесін) басқан сәтten бастап "Финиш" түймесін (немесе Мобильді қосымшада басқаша аталса, өзге атаумен тиісті функционалдың түймесін) басу арқылы, осы Офертаның 6.3-тармағын ескере отырып, Мобильді қосымшада Құқық иеленушінің растау ретінде Мобильді қосымша арқылы тұраққа қойылған ЖМҚ жалпы көрінісің фотосуретін жіберуіне сұрау салуы кезінде, Пайдаланушы ЖМҚ жалға алынуын тоқтатқанға дейін есептеледі.

6.3. Мобильді қосымшада "Финиш" түймесін (немесе егер Мобильді қосымшада басқаша аталса, өзге атаумен тиісті функционалдың түймесін) басу ЖМҚ Мобильді қосымшадағы картада белгіленген Тұрақ аймағында орналасқан жағдайдаға жана жалдауды тоқтатуға әкеп соғады. ЖМҚ осындай аймақтан тыс жерде орналасқан жағдайда, тиісті түймені басу Жалдаудың

тоқтатылуына әкелмейді және Жалдау мерзімі Пайдаланушы оны тиісті тәртіппен аяқтағанға дейін жалғасады.

6.4. Пайдаланушы ЖМҚ-ны осы Офертаның 6.2-тармағына сәйкес айқындалатын Жалдау кезеңінің шенберінен тыс пайдалануға құқылы емес.

6.5. ЖМҚ-ның техникалық жай-күйін тексеру мақсатында Пайдаланушыға 200 метрден аспайтын қашықтыққа сапар басталған сәттен бастап 5 минут шегінде ЖКМ-ға сынақ тегін жүріп-тұру мүмкіндігі беріледі. Пайдаланушы осындай сынақ пайдалану кезеңінде аяқтаған сапар (яғни ұзақтығы 5 минуттан кем және қашықтығы 200 метрден кем сапар) Шартқа сәйкес ЖМҚ-ны жалға алу деп танылмайды (бұдан бұрын және бұдан әрі - "**Нөлдік сапар**"). 5.4.2.1 (а) тармағында көзделген сублицензиялық сыйақыны қоса алғанда, Нөлдік сапар үшін жалдау ақысы және сублицензиялық сыйақы есептелмейді және алынбайды. Нақты сапар шенберінде Нөлдік сапар параметрлері (параметрлердің кез келгені - уақыт немесе қашықтық) асып кеткен жағдайда, мұндай сапар Нөлдік болып табылмайды және мерзімі осы Офертаның 6.2-тармағына сәйкес есептелетін ЖМҚ жалға алу деп танылады.

## 7. ЖМҚ қабылдау-беру тәртібі

7.1. Жалға алу шенберінде ЖМҚ-ды Құқық иеленушіден Пайдаланушыға қабылдау-беру келесі түрде жүзеге асырылады:

7.1.1 Пайдаланушы Мобильді қосымша арқылы картадан нақты ЖМҚ-ны таңдайды. Пайдаланушы ЖМҚ-да орналасқан QR кодын немесе NFC белгісін телефонның NFC оқығышы арқылы телефон камерасын пайдаланып сканерлейді. Бұл ретте Мобильді қосымшада таңдалған ЖМҚ туралы мынадай мәліметтер: орналасқан жері, тарифі, заряд деңгейі, сондай-ақ Сақтандыру қызметін таңдау туралы мәліметтер (қызметті активсіздендіру мүмкіндігі) көрсетіледі. ЖМҚ таңдау кезінде Пайдаланушы Мобильді қосымшадағы аккаунтына тіркелген банк картасындағы ақшалай қаржаттың жеткіліктілігін тексеруі керек.

7.1.1.1 Пайдаланушы Мобильді қосымша арқылы Мобильді қосымшада белгіленген тариф бойынша және мерзімге нақты ЖМҚ-ны броньдай алады. Пайдаланушы броньдауды Мобильді қосымша арқылы болдырмауы мүмкін. Егер Броньдау жойылмаса және Пайдаланушы броньдау мерзімі аяқталғанға дейін ЖМҚ-ны жалға алмаса, Броньдау аяқталады.

Егер Пайдаланушы бұрын қатарынан бір немесе бірнеше броньдауды алып тастаған болса, Құқық иеленуші Пайдаланушыға Броньдаудан бас тартуға құқылы.

Бір Пайдаланушының бірнеше ЖМҚ-ны Броньдауына рұқсат етіледі.

7.1.1.2 Бір аккаунттан бір Пайдаланушыға біреуден артық ЖМҚ-ны - Топтық сапарға Жалға алуға рұқсат беріледі. Бұл жағдайда Пайдаланушы ЖМҚ-ны басқаруды 18 жасқа толған үшінші тұлғаларға ғана бере алады. Топтық сапар жағдайында Құқық иеленушінің Жалға алынған барлық мүлкі үшін және Шарт шенберінде ЖМҚ пайдалану шарттарының қадағалануы үшін жауапкершілік ЖМҚ берілген үшінші тұлға емес, Пайдаланушыға жүктеледі. Бірнеше ЖМҚ пайдаланылуына байланысты барлық ақшалай міндеттемелер (сублицензиялық сыйақыны, жалдау төлемдерін, сондай-ақ Пайдаланушының аккаунтынан басталған сапар барысында Шартты бұзғаны үшін айыппұл санкцияларын төлеуді қоса алғанда) Пайдаланушыға жүктеледі және Пайдаланушы Жалға алу барысында ЖМҚ басқаруын нақты берген үшінші тұлғаға жүктей алмайды.

Топтық сапар басталған жағдайда, Пайдаланушы әр Жалдауды бөлек бастайды және бөлек аяқтайты. Бір аккаунттан Топтық сапар үшін Жалға алынған ЖМҚ-ның ең жоғарғы саны 3 (үш) дананы құрайды және егер Жазылымның тиісті түрінің сипаттамасында көзделген болса, Пайдаланушының Жазылымды сатып алуымен көбейтілігі мүмкін.

7.1.2. Мобильді қосымшадағы "Сапарды бастау" түймесін (немесе егер Мобильді қосымшада басқаша аталса, өзге атаумен тиісті функционалдың түймесін) басқан кезде Пайдаланушы таңдап алынған ЖМҚ мен оны пайдалануға байланысты қолданылатын тарифтің (сублицензиялық сыйақыға және жалдау ақысына қатысты) іс жүзінде қабылданғанын растайды.

7.1.2.1 Пайдаланушы қосымша қызметті пайдаланып, Сақтандыру қызметін сатып ала алады. Сапар құнына Сақтандыру қызметін қосуды немесе қоспауды Пайдаланушы сапар басталғанға дейін Мобильді қосымша арқылы реттейді. Пайдаланушы Сақтандыру қызметі іске қосылған

кезде "Сапарды бастау" түймесін (немесе егер Мобильді қосымшада басқаша аталса, өзге атаумен тиісті функционалдың түймесін) басқан кезде Мобильді қосымшада көрсетілген сақтандыруды сатып алуға өзінің келісімін және оның құнын растайды. Сақтандыру құны, сақтандыру компаниясы және сақтандыру жағдайы туындаған жағдайдағы іс-әрекеттер нұсқаулығы Мобильді қосымшада жазылған, сондай-ақ [https://whoosh.bike/insurance\\_kz/kz](https://whoosh.bike/insurance_kz/kz) сілтемесі бойынша қол жетімді.

7.2. Жалға алу аяқталған кезде ЖМҚ-ны Пайдаланушыдан Құқық иеленушіге қабылдау-тапсыру келесі түрде жүзеге асырылады:

7.2.1. Пайдаланушы ЖМҚ-ны Мобильді қосымшадағы картада "Р" белгісімен белгіленген Тұрақ нұктесінде тұраққа қояды, Мобильді қосымшада "Финиш" түймесін (немесе егер Мобильді қосымшада басқаша аталса, өзге атаумен тиісті функционалдың түймесін) басады және Құқық иеленушінің сұрау салуы бойынша Мобильді қосымша арқылы тұраққа қойылған ЖМҚ-ның жалпы көрінісін суретін жібереді, сондай-ақ тұрақ Виртуалды болмаса, құлыш болған жағдайда ЖМҚ-ны қыс мезгілінде құлышпен (арқан сым құлышты алдын ала ашпай ЖМҚ-ны пайдалану мүмкін еместігін қамтамасыз ететіндей конструкцияның жабық бөлігіне) бекітеді.

7.2.2. Пайдаланушы осы Офертаның 4.4.14 - тармағына сәйкес (4.4.15.1-4.4.15.4-тармақтарын ескере отырып) ЖМҚ-ны тұраққа дұрыс қойған жағдайда, Құқық иеленуші тұраққа дұрыс қойылғанын растайтын (егер Құқық иеленуші талап еткен болса) ЖМҚ-ның жалпы көрінісінің фотосуреттерін алғаннан кейін, ЖМҚ Пайдаланушымен Құқық иеленушіге тиісті түрде берілген болып саналады.

7.2.3. Пайдаланушы Жалдауды аяқтағаннан кейін оған Мобильдік қосымшада төленуге тиісті соманы (оның ішінде сублицензиялық сыйақы мен жалдау ақысының сомасын) көрсете отырып, Құқық иеленушіден хабарлама келеді. Бұл ретте Пайдаланушының тиісті хабарлама алуы Құқық иеленушінің Пайдаланушымен ЖМҚ-ның дұрыс тұраққа қойылғанын растауы болып табылмайды. Жалдау аяқтағаннан кейін Құқық иеленуші анықтауы мүмкін, ЖМҚ-ның тұраққа қойылуына байланысты Шарт бұзушылықтары.

## 8. Тараптардың Шарт бойынша жауапкершілігі

8.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Тараптар осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік көтереді.

8.2. Пайдаланушы Шарт бойынша сублицензиялық сыйақы мен жалдау ақысының төлемдерін 48 сағаттан астам уақытқа кешіктірген кезде, Құқық иеленуші Пайдаланушыға әрбір кешіктірген күн үшін берешек сомасынан 0,1% көлемінде өсімпұл есептеуге құқылы.

8.3. Пайдаланушы осы Офертаның 8.2-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, Шартта көзделген өзге төлемдерді енгізу мерзімін Құқық иеленуші Пайдаланушыға Пайдаланушының Мобильді қосымшасы және/немесе электрондық поштасы арқылы тиісті төлемді төлеу туралы талапты жіберген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннен астам мерзімге кешіктірген жағдайда, Құқық иеленуші Пайдаланушыға әрбір кешіктірген күн үшін берешек сомасынан 0,1% көлемінде өсімпұл есептеуге құқылы. Өсімпұл пайда болған берешекті Пайдаланушы толық өтеген сәтке дейін есептеледі.

8.4. Пайдаланушы шарттың ережелерін бұзған жағдайда, Пайдаланушы келесі бұзушылықтар үшін 2 500 (екі мың бес жүз) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді (егер тиісті бұзушылықты жасау ЖМҚ-ға зиян келтіруге және/немесе ЖМҚ-ны жоғалтуға әкеп соқласа):

8.4.1. бір ЖМҚ-мен бір адамнан артық жүру (оның ішінде баламен бірге) (осы Офертаның 4.4.7.4 т.);

8.4.2 мобиЛЬДІ қосымша картасында "Р" белгісімен тұрақ нұктесі ретінде белгіленбеген орында сапарды аяқтау (осы Офертаның 7.2.1 т.);

8.4.3. ЖМҚ-да құлыш болса да және Тұрақ Виртуалды болмаса да конструкцияның жабық емес бөлігіне сым арқанды Жалға берудің соңында бекіту және/немесе құлышты жаппау (осы Офертаның 7.2.1 т.);

8.4.4. ЖМҚ-ны басқаруды 18 жасқа толмаған тұлғаға беру (осы Офертаның 4.4.5.1 т.);

- 8.4.5. Пайдаланушы ЖМҚ-ны кейіннен 30 минут шегінде сапар аймағына өз бетінше қайтарған жағдайда, ЖМҚ-мен сапарлар аймағынан шығу немесе өзге түрде орнын ауыстыру (осы Офертаның 2.2.2-т.);
- 8.4.6. ЖМҚ-ны жерусті көлігінде тасымалдау (автомобиль, автобус, такси және т.б.) (осы Офертаның 4.4.18.1 т.).
- 8.5. Пайдаланушы Шарттың ережелерін бұзған жағдайда, Пайдаланушы келесі бұзушылықтар үшін 5 000 (бес мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді (егер тиісті бұзушылықты жасау ЖМҚ-ға зиян келтірмесе және/немесе ЖМҚ-ның жоғалуына әкеп соқпаса):
- 8.5.1. Пайдаланушының ЖМҚ-ны кейіннен 30 минут шегінде сапар аймағына өз бетінше қайтармауы, ЖМҚ-мен сапарлар аймағынан шығу немесе өзге түрде орнын ауыстыру (осы Офертаның 2.2.2-т.);
- 8.5.2. ЖМҚ-ны 30 минуттан астам Жалға беру кезеңінде (егер Жалға беру аяқталмаған болса) Тұрақтан тыс жерде қозғалыссыз қалдыруы (осы Офертаның 4.4.7.11 т.);
- 8.5.3. ЖМҚ-ны метрода тасымалдау, сондай-ақ ЖМҚ-ны ғимараттардың ішіне және кіру шектелген аумаққа кіргізу (осы Офертаның 4.4.18.1 т.);
- 8.5.4. ЖМҚ аккумуляторының толық разрядталуына жол беру (осы Офертаның 4.4.7.8 т.);
- 8.5.5. Пайдаланушы осы Офертаның 4.4.15.2-тармағында тізімделген екі және одан артық бұзушылықтарға жол бере отырып, ЖМҚ-ны тұраққа дұрыс қоймауы.
- 8.6. Пайдаланушы шарттың ережелерін бұзған жағдайда, Пайдаланушы келесі бұзушылықтар үшін 28 000 (жыныс сегіз мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді (егер тиісті бұзушылықты жасау ЖМҚ-ға зиян келтіруге және/немесе ЖМҚ-ның жоғалуына әкеп соқпаса):
- 8.6.1. ЖМҚ және/немесе мобиЛЬДІ қосымшаны мақсатқа сай пайдаланбау;
- 8.6.2. ЖМҚ пайдалану кезінде ЖЖҚ бұзу, сондай-ақ осы Офертаның 4.4.7, 4.4.17 және/немесе 4.4.18-тармақтарының кез келген ережелерін бұза отырып ЖМҚ жүргізу.
- 8.7. Пайдаланушы осы Офертаның 8.4-8.5-тармақтарында көрсетілген Шарттың кез келген бұзушылығын жасаған жағдайда, егер мұндай бұзушылық ЖМҚ-ны жоғалтпай залал келтіруге әкеп соқса (яғни, ЖМҚ-ны қалпына келтіру мүмкіндігімен және экономикалық негіздемесімен, пайдаланушы 28 000 (жыныс сегіз мың) теңге көлемінде айыппұл төлейді).
- 8.8. Пайдаланушы осы Офертаның 8.6-тармағында көрсетілген Шарттың кез келген бұзушылығын жасаған жағдайда, егер мұндай бұзушылық ЖМҚ-ны жоғалтпай залал келтіруге әкеп соқса (яғни, ЖМҚ-ны қалпына келтіру мүмкіндігімен және экономикалық негіздемесімен, пайдаланушы 56 000 (елу алты мың) теңге көлемінде айыппұл төлейді).
- 8.9. Пайдаланушы осы Шартты бұзған жағдайда, егер мұндай бұзушылық ЖМҚ-ның жоғалуына әкеп соқса (ұрлау, суға бату және т. б. нәтижесінде ЖМҚ-ны іс жүзінде жоғалтуды қоса алғанда, сондай-ақ оны қалпына келтіру мүмкін емес немесе экономикалық тұрғыдан орынсыз болатын осындай ЖМҚ-ны келтірсе), Пайдаланушы ЖМҚ-ның құны көлемінде айыппұл төлейді, бұл S және M модельдерінің электросамокаттары үшін 195 000 (жұз тоқсан бес мың) теңге, L модельінің электросамокаты үшін – 505 000 (бес жұз бес мың) теңге, электрлік велосипед үшін - 840 000 (сегіз жұз қырық мың) теңгені құрайды.
- 8.10. Өсімпұл және(немесе) айыппұл төлеу пайдаланушыны құқық иеленушінің мүлкіне келтірілген зиянды өтеуден босатпайды.
- 8.11. Жалға алу кезеңінде ЖМҚ-ның кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупін Пайдаланушы көтереді.
- 8.12. ЖЖҚ бұзғаны үшін Пайдаланушыға қолданыстағы заңнамада көзделген жауапкершілік жүктеледі. Егер Пайдаланушының ЖЖҚ бұзыуна байланысты Құқық иеленуші әкімшілік құқық бұзушылық үшін айыппұл төлеуге байланысты шығындарды және/немесе залалдарды көтеретін болса, Пайдаланушы Құқық иеленушіге тиісті шығыстарды және/немесе залалдарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.
- 8.13. Пайдаланушы ЖМҚ пайдалану кезінде үшінші тұлғалардың, оның ішінде жол қозғалысының басқа да қатысуышыларының өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтірген жағдайда, Пайдаланушы өзінің әрекеттерімен үшінші тұлғаларға және Құқық иеленушіге де келтірілген залалды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.
- 8.14. Пайдаланушы өзі көрсеткен барлық дербес деректердің дұрыс екендігіне кепілдік береді.

## **9. Шартты бұзу негіздері мен тәртібі. Оферта және Шарт талаптарының өзгеруі**

9.1. Шарт Шартта көзделген мерзім өткенге дейін Тараптардың келісімі бойынша немесе Тараптардың бірінің бастамасы бойынша екі тарапқа да түсінікті түрде бұзылуы мүмкін.

9.2. Шарт Құқық иеленушінің бастамасы бойынша мынадай негіздер бойынша сottan тыс біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін:

- 9.2.1. Пайдаланушы ЖМҚ пайдалану кезінде ЖЖҚ бірнеше рет (екі реттен көп) бұзған кезде;
- 9.2.2. Пайдаланушы ЖМҚ-ны тұраққа қою қағидаларын бірнеше рет (екі реттен көп) бұзған кезде;
- 9.2.3. Пайдаланушының Мобильдік қосымшаны Шарт талаптарын бұза отырып пайдалану фактісі анықталған жағдайда;
- 9.2.4. Пайдаланушы үшінші тұлғага Құқық иеленушінің келісімінсіз Мобильді қосымшага қол жетімдікті ұсыну фактісі анықталған кезде;
- 9.2.5. Пайдаланушының ЖМҚ-ға залал келтіру фактісі анықталған кезде;
- 9.2.6. Пайдаланушының GPS-сигналын бұғаттайтын техникалық құралдарды қолдану фактісі, сондай-ақ ЖМҚ-да орнатылған қорғау жүйелерін немесе бақылау жүйелерін ажыратудың өзге де тәсілдері анықталған кезде;
- 9.2.7. Пайдаланушы Құқық иеленушінің Мобильді қосымшага айрықша құқығын немесе үшінші тұлғалардың айрықша құқығын бұзуға әкеп соғатын немесе оны бұзу қаупін төндіретін Шартты кез келген түрде бұзған жағдайда;
- 9.2.8. Пайдаланушы Құқық иеленушінің (ЖМҚ-ны қоса алғанда) және/немесе үшінші тұлғалардың мүлкін бүлдірге әкеп соғатын немесе бүліну қаупін төндіретін Шартты кез келген түрде бұзған жағдайда;
- 9.2.9. Пайдаланушы үшінші тұлғалардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіруге әкеп соғатын немесе осындай зиян келтіру қаупін тудыратын Шартты кез келген түрде бұзған кезде;
- 9.2.10. Пайдаланушы Құқық иеленушінің іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерді жасаған кезде;
- 9.2.11. Пайдаланушы үшінші тұлғалардың ар-намысына, қадір-қасиетіне және/немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерді, сондай-ақ, егер мұндай іс-әрекеттерді жасау қандай да бір түрде (тікелей немесе жанама) Пайдаланушының Мобильді қосымшаны және/немесе ЖМҚ-ды пайдалануына байланысты болса, өзге де заңсыз іс-әрекеттерді жасаған кезде;
- 9.2.12. Құқық иеленушіге Мобильді қосымшаның және/немесе ЖМҚ-ның Пайдаланушымен Шарттың талаптарын бұза отырып (оның ішінде оның мақсаты бойынша емес) пайдаланылады деп болжалауға негіз беретін жағдайлар болған кезде;
- 9.2.13. Шартта және/немесе қолданыстағы заңнамада көзделген өзге жағдайларда.

9.3. Шарт Құқық иеленушінің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, Пайдаланушыға бұл туралы Мобильді қосымша арқылы хабарланған сәттен бастап шарт бұзылды деп есептеледі.

9.4. Шарт бойынша берешек (сублицензиялық сыйақыны, жалдау ақысын, сондай-ақ айыппұлдарды төлеу бойынша берешекті қоса алғанда) болмаған жағдайда, осы Шарт Пайдаланушының бастамасы бойынша аккаунтты жоюға сұрау салу жіберген жағдайда, бір жақты сottan тыс тәртіппен мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

9.5. Пайдаланушы Құқық иеленушіге Мобильді қосымшасындағы аккаунтты жоюға сұрау салуды support@whoosh.bike электрондық поштасына немесе Мобильді қосымшадағы Профиль мәзіріндегі "Аккаунтты жою" түймесін (немесе Мобильді қосымшада аталса, басқа атаумен тиісті функцияның түймесін) басу арқылы жіберуге құқылы.

9.6. Шарт Пайдаланушының бастамасы бойынша бұзылған жағдайда, Шарт бойынша Пайдаланушының берешегі болмаған кезде, Пайдаланушы аккаунтты жоюға сұрау салу жіберген күннен бастап 15 күнтізбелік күн өткен соң Шарт бұзылған болып есептеледі. Пайдаланушының берешегі болған жағдайда аккаунтты жоюға сұрау салу қабылданбайды. Пайдаланушы берешегін толық өтегеннен кейін аккаунтты жою туралы сұранысты қайта жіберуге құқылы, бұл

ретте Шартты бұзудың 15 күндік мерзімі осындағанда қайта сұрау жіберілген сәттен бастап есептеледі. Шартты бұзған күні Құқық иеленуші Пайдаланушының аккаунтын жояды.

9.7. Осы Офертаның 9.2 және 9.4-тармақтарында тізімделген және қолданыстағы заңнамада көзделмеген барлық басқа негіздер бойынша Шартты біржақты сот тәртібімен бұзылуы мүмкін.

9.8. Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы Пайдаланушыны Шарт бойынша өзінің қаржылық міндеттемелерін (сублицензиялық сыйақыны, жалдау ақысын және айыппұлдарды төлеуді қоса алғанда) орындау міндеттінен босатпайды, сондай-ақ Шарт талаптарын бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

9.9. Құқық иеленуші осы Шарттың 4.2.8-тармағында белгіленген тәртіппен офертаның жаңа редакциясын МобиЛЬДІК қосымшада және [https://whoosh-bike/terms\\_kz](https://whoosh-bike/terms_kz). сілтемесі бойынша Құқық иеленушінің Сайтында орналастыра отырып, Офертаны өзгертуге құқылы. шарттың мазмұнына қатысты Офертаның талаптарын өзгерту Офертаның кез келген редакциясын акцептеу жолымен бұрын жасалған барлық Шарттардың талаптарын өзгертуге әкеп соғады.

9.10. Шартқа енгізілген өзгерістермен келіспеген жағдайда, Пайдаланушы осы Офертаның 9.6-тармағында көзделген тәртіппен Құқық иеленушіге хабарлай отырып, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

## **10. Форс-мажор Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындағаны үшін жауапкершіліктен босатудың негізі ретінде**

10.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындағаны үшін, егер міндеттемелерді мұндай орындау еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жайттарының, яғни Шарт жасасу кезінде Тараптар болжай алмаған төтенше және еңсере алмайтын сипаттағы оқиғалардың салдары болса, жауапкершіліктен босатылады.

10.2. Егер еңсерілмес күш жайттарының кез келгені міндеттемелерді Шартта белгіленген мерзімде орындаға әсер еткен болса, онда бұл мерзім еңсерілмес күш жайттары әрекетінің кезеңіне сәйкес кейінге шегеріледі. Егер көрсетілген мерзім үш айдан асқан жағдайда, Тараптардың әрқайсысы Шарт бойынша екінші Тарапты МобиЛЬДІ қосымшаны пайдаланумен немесе Пайдаланушының – МобиЛЬДІ қосымшада тіркелу кезінде көрсетілген электрондық мекенжайы бойынша және Құқық иеленушінің - [hello@whoosh.bike](mailto:hello@whoosh.bike) электрондық мекенжайы бойынша бұл туралы жазбаша хабардар ете отырып, Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы

10.3. Еңсерілмес күш жайттары туындаған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап осы жайттардың басталғаны туралы екінші Тарапқа 3 (үш) күн ішінде хабарлауға міндетті.

10.4. Өз міндеттін орындаған және 11.3-тармақта көрсетілген мерзімде басқа Тарапқа еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталғаны туралы хабарламаған және олардың туындағанын құжатпен растамаған Тарап осы мән-жайларға Шартты тиісінше орындағаны үшін жауапкершіліктен босатудың негізі ретінде сілтеме жасау құқығын жоғалтады.

## **11. Шарттың қолданылу мерзімі**

11.1. Пайдаланушы осы Шартта көзделген тәртіппен осы Офертаны акцепттеген сәттен бастап күшіне енеді және қолданыстағы заңнамада немесе Шартта көзделген негіздердің бірі бойынша тоқтатылған кезге дейін қолданылады.

## **12. Шарттың өзге де талаптары**

12.1. Осы Шарт бойынша қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

12.2. Тараптар дау туындаған жағдайда, олар сотқа жүгінгенге дейін дауды реттеудің сотқа дейінгі (талап қою) тәртібін сақтауға міндетті екендігі туралы уағдаласты. Мұндай жағдайда Шарт бойынша бір Тарап даулы жағдай туындаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапқа Шарт жасасу кезінде көрсетілген мекенжай (электрондық пошта мекенжайы) бойынша жазбаша Шағым жіберуі тиіс. Жазбаша Шағымға Тараптың талаптарын негіздейтін құжаттар (олардың сканерлері) және (немесе) фотосуреттер қоса берілуі тиіс. Шағым алған Тарап 10 (он)

күнтізбелік күн ішінде оған негізделген жазбаша жауап беруге міндетті. Шағымға жазбаша жауап Шарт жасасу кезінде көрсетілген электрондық мекенжай бойынша жіберіледі. Наразылыққа жауапқа ұсынылған жауапты құжатпен негіздейтін құжаттар (олардың сканерлері) және (немесе) фотосуреттер қоса берілуі тиіс.

12.3. Шарттың 13.2 т.белгіленген мерзімде Шағымға жауап алмаған немесе алынған жауаппен келіспеген жағдайда, мұдделі Тарап өз құқықтарын және заңмен қорғалатын мұдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы.

12.4. Егер заңнамада даулардың тиісті санаты үшін (балама, айрықша және т.б.) императивті арнағы сottылық белгіленбесе, осы Шартты жасасу, орындау, бұзу кезінде туындастын даулар Құқық иеленушінің орналасқан жері бойынша сотқа шешүге беріледі.

Осы талап тұтынушы ретінде Пайдаланушының "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" 2010.05.04 N 274-4 Заңы мағынасында тұтынушылық дауды, мұндай құқық заңда тікелей көзделген кезде, шешу тәсілін таңдау құқығын жоққа шығармайды және кемітпейді.

12.5. Тараптар осы Шартты жасасу, орындау, бұзу кезінде туындастын дауларды қарау Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу заңнамасының нормалары бойынша жүзеге асырылатыны туралы уағдаласты.

12.6. Осы Офертаның 1-бөлімінде келтірілген терминдер, егер Тарифтерде немесе Жазылымдардың сипаттамасында тиісінше өзгеше айқындалмаса, Тарифтерде және Жазылымдардың сипаттамасында тиісті мағынада пайдаланылады.

12.7. Егер Офертаның бір немесе одан да көп ережелері қандай да бір себептермен жарамсыз, заңды күші жоқ болып табылған жағдайда, мұндай жарамсыздық Офертаның (Шарттың) күшінде қалатын кез келген басқа ережесінің жарамдылығына әсер етпейді.

### **13. Құқық иеленушінің мекенжайы мен өзге реквизиттері:**

«ВУШ КЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БСН: 220140018883

Заңды мекенжайы: 050026, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Төле би к-сі, 69-үй, 9-пәтер

Электрондық мекенжайы: [hello@whoosh.bike](mailto:hello@whoosh.bike) немесе Пайдаланушыларға қолдау көрсету қызметі [support@whoosh.bike](mailto:support@whoosh.bike)

«ВУШ КЗ» ЖШС Бас директоры

Д.В.Чуйко

\_\_\_\_\_

М.О.